

Мамандық бойынша тестердің техникалық спецификациясы
07_МК «Мейіргер ісі»

1. Құрастыру мақсаты:

Тест Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша 2021-2022 оқу жылы медициналық колледж түлектерінің кәсіптік даярлығына бағалау жүргізу үшін әзірленді.

2. Міндеті:

«Мейіргер ісі» мамандығы бойынша ТЖКБ білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейін айқындау

3. Тест мазмұны мен жоспары:

«Мейіргер ісі» мамандығы бойынша тест ТЖКБ білім беру бағдарламаларына сәйкес келесі пәндер бойынша оқу материалын қамтиды:

Тақырып	Мазмұны	Тапсырмалар саны	
07_МК_	Мейіргер ісі негіздері	21	А-6 В-7 С-7
07_МК_	Ішкі аурулар пропедевтикасы	8	А-2 В-3 С-3
07_МК_	Эпидемиология және жұқпалы аурулардағы мейіргер ісі	8	А-2 В-3 С-3
07_МК_	Терапиядағы мейіргер ісі	13	А-4 В-4 С-5
07_МК_	Акушерия және гинекологиядағы мейіргер ісі	9	А-3 В-3 С-3
07_МК_	Неврологиядағы мейіргер ісі	3	А-1 В-1 С-1
07_МК_	Педиатриядағы мейіргер ісі	12	А-4 В-4 С-4
07_МК_	Хирургия және реанимациядағы мейіргер ісі	13	А-4 В-4 С-5

07_МК_	Дерматовенерологиядағы мейіргер ісі	3	A-1
			B-1
			C-1
07_МК_	Офтальмологиядағы мейіргер ісі	2	A-0
			B-1
			C-1
07_МК_	Оториноларингологиядағы мейіргер ісі	2	A-0
			B-1
			C-1
07_МК_	Психиатриядағы мейіргер ісі	2	A-0
			B-1
			C-1
07_МК_	Емдік дене шынықтыру, массаж	2	A-0
			B-1
			C-1
07_МК_	Физиотерапия	2	A-0
			B-1
			C-1
	Барлығы	100	A-27
			B-35
			C-38

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Тест тапсырмалары " Мейіргер ісі" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік медициналық білімі бар бітірушілерде таңдаған мамандығы бойынша теориялық білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

5. Тапсырмаларды орындаудың орташа уақыты:

Бір тапсырманы орындау уақыты-1,5 минут. Тестті орындаудың жалпы уақыты - 2,5 сағат

6. Тесттің бір нұсқасындағы тапсырмалар саны:

Бір тестте-100 тапсырма. Қиындық деңгейлері бойынша тест тапсырмалары есте сақтау (А деңгейі) – 30 тапсырма (30%±3%), түсіну (в деңгейі) – 35 тапсырма (35%±5%) және қолдану (С деңгейі) – 35 тапсырма (35%±5%) болып бөлінеді.

7. Тапсырма түрі:

Тест тапсырмалары жабық түрде беріледі. Ұсынылған 5 жауап нұсқасынан бір жауапты таңдау керек.

8. Жеке тапсырмалардың орындалуын бағалау:

Әрбір дұрыс жауап үшін 1 балл, қалған барлық жағдайларда 0 балл беріледі.

2-кезеңді өткізуге арналған клиникалық станциялардың тізбесі:

1. Шок кезінде медициналық көмек көрсету (ауруханаға дейінгі)
2. Жарақат кезінде медициналық көмек көрсету (ауруханаға дейінгі)
3. Жүрек кенеттен тоқтаған кезде медициналық көмек көрсету (ауруханаға дейінгі)
4. Процедуралық дағдылар
5. Коммуникативтік дағдылар